Бекітемін:
«Манашы» бөбекжайы ЖБҚ МКҚК
директоры: .....К.Корпелиева
«__» _____2026 жыл

2026 жылдың қыркүйек айына арналған
бөбекжайдың жұмыс жоспары

Іс-шаралар түрі	*Мерзімі*	*Жауапты*
Бөбекжайдың қызметі мен дамуын нормативтік құқықтық қамтамасыз ету		
ҚР Конституциясымен таныстыру. Педагогтерге Қазақстан Республикасының Конституциясы туралы түсінік беру, конституциялық құндылықтар мен азаматтық жауапкершілікті түсіндіру	қыркүйек	Әдіскер, педагогтар Директор, әдіскер
II Кадрлармен жұмыс		
№1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «2026–2027 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа бағыттары: сапа, инновация және баланың әл-ауқаты» **Мақсаты:** Жаңа оқу жылындағы педагогикалық жұмыстың басым бағыттарын айқындау, тәрбие-білім беру үдерісін сапалы ұйымдастыру, педагогтердің кәсіби белсенділігін арттыру және заманауи технологияларды тиімді қолдануға бағыт беру. **Күн тәртібі:** 1.2026–2027 оқу жылындағы білім беру саласындағы жаңа бағыттар мен басым міндеттер. Меңгеруші: 2.2025–2026 оқу жылының қорытындысы және жаңа оқу жылына қойылатын міндеттер. Меңгеруші: 3. 2026–2027 оқу жылына арналған жылдық мақсаттар мен міндеттерді талқылау және бекіту. Әдіскер: 4.Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру құжаттарын қарау және бекіту. Әдіскер: 5. «Жасанды интеллект – педагогтің заманауи көмекшісі» Тәрбиеші: 6.Педагогикалық тренинг: «Жаңа оқу жылы – жаңа мүмкіндік» Педагог-психолог: 7. Әр түрлі мәселелер	31.08.26	Директор, Әдіскер, Педагогтер Ж.Жалгасбаева Ж.Елубаева
Педагогтер аттестаттаудан өткізу		
1. «Ұстаз» платформасында аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту және жұмыс жоспарын қарастыру	қыркүйек	директор, комиссия төрағасы
2. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу тәртібімен және талаптарымен таныстыру		Комиссия төрағасы, әдіскер
3. Аттестаттаудан өтетін педагогтердің құжаттарын «Ұстаз» платформасына енгізу		Аттестаттау комиссиясы

Педагог-психологтың жұмыс жоспары		
«Балабақшаға қуана келемін!» – балалардың балабақшаға бейімделуіне және жағымды қарым-қатынас орнатуына арналған тренинг	17.09	Кіші топтар, педагог-психолог Г.Асабаева
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптармен танысу» – ұйым қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын түсіндіру; қызметтік міндеттерді адал және заң талаптарына сәйкес орындау	қыркүйек	директор,
Балалармен тәрбиелеу-білім беру жұмысы **«Заң мен тәртіп» идеологиясының қағидаттарын іс асыру** **1.** «Тәртіпті бала – үлгілі бала» (Әңгімелесу, ереже құрастыру, дидактикалық ойындар) **Қауіпсіздік мектебі (жол,өрт, төтенше жағдайлар кезіндегі мінез-құлық)** «Кішкентай құтқарушылар академиясы» квест-ойыны - «Қауіпсіз үй» (қауіпті және қауіпсіз заттар); - «Бағдаршам» (ЖҚЕ); - «Орман жолы» (табиғаттағы қауіпсіздік); - «112 қызметі» (жедел қызметтер); - «Досыңа көмек көрсет» (жарақат алған кезде қарапайым әрекет ету). «Таза балабақша – таза орта» Экологиялық акция, еңбек әрекеті **«Бір-бірімізді танып, бірге үйренеміз» – бейімделу және бастапқы бақылау** **«Денсаулық формуласын іздеу»** валеологиялық квесті «Музыкамен қимылдаймыз» Музыкалық-ырғақты ойындар «Ақша дегеніміз не?» Танымдық әңгіме, дидактикалық ойындар «Еңбекпен танысамыз» – Еңбек әрекеті, сюжетті-рөлдік ойындар	18.09 16.09 22.09	Барлық топ Қ.Туреханова Р.Бердибаева Н.Кульмуханова Б.Туреханова М.Тенгизбаева Барлық топ Н.Жумабаева Т.Жалгасова(кіші топ) Р.Айсултанова А.Балманова
4.5 Мерекелік іс-шаралар		
«Білім күні» салтанатты іс-шара «Сәлем, менің балабақшам» Қазақстан халқы тілдері күні: «Тіл байлығы – ой байлығы» (мәнерлеп оқу)	І апта	Барлық топ М.Джолдасова
Әлеуметпен жұмыс		
№1 жалпы ата-аналар жиналыстары «Бала тәрбиесі – ортақ міндет» – 2026–2027 оқу жылындағы тәрбиелеу-білім беру жұмысының негізгі бағыттарымен таныстыру; **Топтық ата-аналар жиналыстары** Кіші топ: «Кіші топтағы баланың балабақшаға бейімделуі». Ортаңғы топ: «Біз ойнаймыз, тілімізді дамытамыз». Ересек топ: «Ересек топтағы тәрбиелеу мен оқытудың негізгі міндеттері». «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» Кіріспе кездесу, дөңгелек үстел «Бала әлеміне бірге қадам» – Танысу кездесуі, жеке консультация	Қыркүйек	директор, әдіскер, барлық педагогтер Топ тәрбиешілері Т.Мендалиева С.Кенесбаева Ж.Утарбаева директор, әдіскер, тәрбиешілер директор, әдіскер, педагогтер

Мектеппен сабақтастық		
Жаңа оқу жылында балабақша мен мектептің өзара іс-қимыл жоспарын әзірлеу, мектепалды даярлықтың міндеттері мен мазмұнын талқылау. Бірлескен жоспар құру	қыркүйек	директор, әдіскер, мектеп директоры
Бақылау және басшылық		
Тәрбиелеу-білім беру процесінің жылдық жоспарға сәйкестігін бақылау	тамыз, қыркүйек	директор, әдіскер
Педагогтердің перспективалық жоспарларының талапқа сай жүргізілуін тексеру		Әдіскер
Тәрбиеленушілердің бастапқы даму деңгейін анықтаудың жүргізілуін бақылау		Әдіскер, педагогтер
Топ бөлмелеріндегі қауіпсіздік талаптарының сақталуын тексеру		директор, әдіскер

Әдіскер: Ж.Муханбердиева